

2009 жылы ауданның ауылдық елді мекенді кенттеріне жұмыс істеуге және тұрғылықты тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы беру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2009 жылғы 13 қазандағы N 99/20 шешімі. Павлодар облысы Шарбақты ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 21 қазанда N 12-13-88 тіркелген. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2010.03.05 N 1-31-21 хаты)

Ескерту. Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2010.03.05 N 1-31-21 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6 бап 1 тармақ 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7 бап 3 тармақ 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы N 183 Қаулысымен бекітілген "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарын әлеуметтік қолдау" шаралары Ережесінің 2 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылы ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарының көтерме жәрдемақысы жетпіс айлық көрсеткіш м ө л ш е р і н д е б е р і л с і н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы және бюджет мәселесі жөніндегі тұрақты к о м и с с и я с ы н а жү к т е л с і н .

3. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан соң, он күннен кейін өз күшіне ие болады және 2009 жылғы 1 шілдедегі жағдайға байланысты да қолданылады.

аудандық мәслихат хатшысы

С е с с и я т ө р а ғ а с ы ,
Б. Паванов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК